

**PhD докторант Ахметова Камшат Мусахановнаның**  
**6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**  
**«Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын**  
**болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру»**  
**диссертациялық жұмысына шетелдік көңесшінің**  
**ПКІРІ**

Ахметова Камшат Мусахановнаның «Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру» диссертациялық жұмысы метаболизмдік синдромды болжау мен профилактикасының ғылыми негіздерін жасау үшін репродукциялық жастағы адамдарда метаболизмдік синдромның кездесу жиілігі мен қауіп факторларын зерттеу өзекті мәселелеріне арналған.

Диссертациялық жұмыста зерттеудің мақсаты нақты құрылыш, міндеттері айқындалған. Диссертацияның тарауларында зерттеу жұмысының нәтижелері қисынды және өзара байланысты баяндалған. Қорғауға шығарылатын диссертацияның мазмұны мен құрылымы, шешілген мәселелердің дәйектілігі сенімді, қисынды құрылған және алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің жоғары дәрежесімен ерекшеленеді.

Диссертациямен жұмыс жасау барысында Ахметова К.М. метаболизмдік синдромы бар репродукциялық жастағы адамдардың денсаулық жағдайына баға беріп, қауіп факторларын зерттеді. Жасалған жұмыс нәтижелеріне сай, метаболизмдік синдромды болжау мен профилактикасының ғылыми негіздерінің жүйесі ұсынылды.

Диссидент зерттелетін үлкен проблемалық салада өз орнын таба білді және тәжірибеде де, ғылымда да маңызды, өте қызықты нәтижелерді алды. Себебі, осы зерттеу жұмысы бойынша берілген ұсыныстарды қосымша қолдану, метаболизмдік синдромды алдын ала болжауға және профилактикалық шараларды жүргізуге мүмкіндік береді, себебі ол ұлттың денсаулық жағдайына әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Жұмыстың әдістемелік деңгейі жоғары. Автор заманауи аналитикалық әдістерді қолданған. Тұжырымдалған ғылыми ережелер мен корытындылар клиникалық бақылаулардың жеткілікті санына негізделген. Деректерге статистикалық талдау заманауи компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы жүргізілген. Алынған нәтижелер негізінде репродукциялық жастағы адамдарда метаболизмдік синдром даму қаупінің болжамды математикалық моделі жасалған, ол жоғары сезімталдық пен ерекшелікті көрсетті.

Заманауи деңгейде әдістемелік дұрыс орындалған, нәтижелері тәжірибеде енгізуге жақсы перспективасы бар аяқталған ғылыми-білікті зерттеу жұмысы болып табылады деп есептеймін. Зерттеу мәселесін тұжырымдауға, әдістерді таңдауға және алынған мәліметтерді түсіндіруге пәнаралық көзқарас жасалғандығы жұмыстың маңызды артықшылығы болып табылады. Автор жасаған қорытындылар мен практикалық ұсыныстар алға қойылған масатқа жету мен мәселелерді шешу барысында алынған нәтижелерге негізделеген. Ірікеудің жеткілікті көлеміне және сәйкес статистикалық әдістерді қолдануына байланысты нәтижелердің сенімділігі күмән тудырмайды.

Осылайша, К.М. Ахметованың «Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру» тақырыбында жүргізген зерттеу жұмысы автордың ғылыми талдау әдістерін жеткілікті дәрежеде менгергендігін, терең ғылыми ізденістерді жүргізуге жоғары деңгейде дайын екендігін және зерттелетін салада кен эрудицияға ие екендігін көрсетеді, сондықтан Ахметова Камшат Мусахановна 6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп санаймын.

**Шетелдік кеңесші:**  
**Әзіrbайжан Республикасы**  
**міндетті медициналық сақтандыру**  
**мемлекеттік агенттігі**  
**Губа ауруханасының**  
**бас дәрігері**  
**PhD доктор, қауымдастырылған профессор**  
**«Медицина» мамандығы (14.00.26)**

Алиев А.В.

2022 ж.

Қауымд. проф. А.В. Алиевтің қолын раставмын  
Кадрлар бөлімінің басшысы



Байланыс мәліметтері:  
Әзіrbайжан Республикасы  
міндетті медициналық сақтандыру  
мемлекеттік агенттігінің Губа ауруханасы  
Мекен-жайы: Фаталихан көш., 10D, Губа қ, AZ4000  
эл. мекен-жайы: amirvugar@mail.ru  
Алиев Амир Вугарович